

Ескелді ауданы мәслихатының 2013 жылғы 8 қарашадағы № 26-148 "Ескелді ауданы бойынша жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2016 жылғы 06 қаңтардағы № 61-344 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2016 жылы 03 ақпанда № 3686 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 мамырдағы № 4-22 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 23.05.2016 № 4-22 шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылдың 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 387–бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылдың 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабына және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылдың 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 21–бабына сәйкес, Ескелді аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ескелді ауданы мәслихатының 2013 жылғы 8 қарашадағы "Ескелді ауданы бойынша жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату туралы" №26-148 шешіміне (2013 жылдың 13 желтоқсанында нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №2524 енгізілген, 2013 жылдың 27 желтоқсанында "Жетісу шұғыласы" газетінің №52 жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешімнің бірінші тармағына "378" сан алынып тасталсын.

2. "Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінің Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесі "Ескелді ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысына (келісім бойынша

3. Ілімжанова) осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген интернет-ресурста және аудандық мәслихатының интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың "Жер мәселелері, ауыл шаруашылығы және табиғатты қорғау жұмыстарын қамтитын" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескелді аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

Ескелді аудандық мәслихаттың

хатшысы

Ж. Сарғалдаков

Қ. Тастанбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК